

**Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер
департаменттерінің Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі
комиссиясы туралы үлгі ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Үлгі ереже Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер департаменттерінің Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі – ЕАТТ) мәртебесін және өкілеттігін, міндеттері мен функцияларын айқындайды, сондай-ақ қызметін регламенттейді.

2. Үлгі ережеде есепке алу-тіркеу тәртібі түсінігі пайдаланылады, ол ішкі істер органдарының қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін регламенттейтін белгіленген нормалар мен қағидаларды сақтауы үшін міндетті болып табылады.

3. Комиссия Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер (бұдан әрі – ІІД, КІІД), Қылмыстық-атқару жүйесі (бұдан әрі – ҚАЖД) және Төтенше жағдайлар (бұдан әрі – ТЖД) департаменттерінде қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібінің сақталуын толық және жан-жақты бақылау мақсатында құрылады.

4. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстері, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрықтары, сондай-ақ осы Үлгі ереже құрайды.

5. Комиссия алқалық орган болып табылады, өз жұмысын ашықтық, жариялылық және алқалық негізде құрайды және:

1) ІІД-ге, КІІД-ге, ҚАЖД-ге, ТЖД-ге келіп түскен қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуына;

2) тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы шынайы, жеткілікті және толық ақпараттың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық басқармаларына уақтылы ұсынылуын бақылауды жүзеге асырады.

6. Комиссия төрағасы ІІД-нің, КІІД-нің бірінші орынбасарлары болып табылады. Комиссия құрамын комиссия төрағасы бекітеді. Комиссия құрамына

ҚАЖД, ТЖД, ІД, КІД қызметтерінің басшылары және қажеттілік туындаған жағдайда комиссия төрағасының шешімі бойынша комиссия құрамына кіретін өзге де лауазымды адамдар енгізіледі.

Комиссия хатшысы ІД, КІД-нің Штаб-басқармасы Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау бөлінісінің қызметкері болып табылады. ҚАЖД, ТЖД, сондай-ақ ІД, КІД қызметтерінде есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйін бақылау функциясы бөліністің қызметкерінің біреуіне жүктеледі.

7. Комиссияның жұмысшы органы ІД, КІД-нің Штаб-басқармасы Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау бөлінісі болып табылады. Комиссияның іс қағаздары дербес жүргізіледі, материалдарды сақтауды ІД-нің, КІД-нің Штаб-басқармасы Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау бөлінісі жүзеге асырады.

8. Комиссияның жұмысы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын ІД, КІД қызметтерінің өзара іс-қимыл жасасуы кезіндегі тоқсандық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Комиссияның жұмыс жоспарына есепке алу-тіркеу тәртібін бұзушылықтардың, сондай-ақ оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың алдын алуға, анықтауға және жоюға бағытталған іс-шаралар қосылуы тиіс.

9. Оның құзыреті шегінде қабылданған Комиссия шешімі ІД, КІД-нің, ҚАЖД-ның, ТЖД-ның барлық лауазымды адамдары үшін міндетті.

10. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және Комиссия төрағасының қолы қойылады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

11. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) есепке алу-тіркеу тәртібін және қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдаудың, тіркеудің белгіленген тәртібінің сақталуына толық және жан-жақты бақылау ұйымдастыру;

2) мыналарды:

- қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты;

- құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған адамдарды, қылмыстық істердің қозғалыстарын есепке алудың толықтығы мен шынайылығына бақылауды жүзеге асыру.

3) ІД-дегі, КІД-дегі, ҚАЖД-дегі, ТЖД-дегі, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы (бұдан әрі – ҚАЖПО), қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі (бұдан әрі – ҚАЖ мекемесі), қалалық, аудандық төтенше жағдайлар (бұдан әрі – ТЖ бөліністері) басқармаларындағы (бөлімдердері) есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, сондай-ақ оны бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

4) әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері бар арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 180-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға уақтылы жолдау бойынша бақылауды жүзеге асыру;

5) номенклатуралық істерді (наряд) есепке алу, сақтау және беру тәртібін бақылауды жүзеге асыру;

6) ІД, КІД, ҚАЖД, ТЖД, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары, ҚАЖ мекемелері, ТЖ бөліністері қызметтерінің есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту мәселелері бойынша жедел кенестердің шешімдерін, бұйрықтар мен нұсқауларды орындауының барысына бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

3. Комиссияның функциялары

12. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту бойынша ұйымдастырушылық шаралар қабылдайды, аумақтық бөліністердің тиісті комиссияларының жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

2) Комиссия отырыстарында азаматтардың қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарымен жұмыста заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша ІД, КІД, ҚАЖД, ТЖД қызметтерінің, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары, ҚАЖ мекемелері, ТЖ бөліністері басшыларын тыңдайды;

3) ІД, КІД, ҚАЖД, ТЖД қызметтеріндегі, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы, ҚАЖ мекемелеріндегі, ТЖ бөліністеріндегі есепке алу-тіркеу тәртібін тексеруді ұйымдастырады, тексерістер нәтижелерін комиссияның отырыстарында қарайды;

4) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы ұқсас комиссиялардың қызметтеріне тексерісті жүзеге асырады;

5) ІД-нің, КІД-нің, ҚАЖД-нің, ТЖД-нің Ақпараттарды есепке алу кітабындағы (бұдан әрі – АЕК) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпараттардың толық есепке алынуына апта сайын салыстыра тексеру жүргізеді;

6) дене жарақаттарын алған азаматтардың арыздары бойынша емдеу мекемелерімен, сондай-ақ кәсіпорындармен және ұйымдармен, сот сараптама мекемелерімен, көші-қон және жол полициясы бөліністерімен олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар нәтижесінде болуына ай сайын салыстыра тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

7) ІД-ге, КІД-ге, ҚАЖД-ге, ТЖД-ге келіп түскен қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпараттарды қарау тәртібін және мерзімдерін, сондай-ақ қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес оларды шешу мерзімдерін сақтауға бақылауды жүзеге асырады;

8) ІД, КІД, ҚАЖД, ТЖД, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары, ҚАЖ мекемелері, ТЖ бөліністерінің қызметкерлері жол берген есепке алу-тіркеу тәртібін бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының ұсынымын қарайды. Қарау нәтижелері бойынша есепке алу-тіркеу тәртібін бұзуға жол берген, оның ішінде анықталған кемшіліктер мен құқық бұзушылықтарды жою бойынша шараларды орындамаған немесе қабылдамаған жағдайларда лауазымды адамдарды

тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы Комиссия төрағасына ұсыныстар енгізеді;

9) ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы, ҚАЖ мекемелеріндегі, ТЖ бөліністеріндегі есепке алу-тіркеу тәртібін жақсарту және нығайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды;

10) Комиссия төрағасына Комиссия отырыстарында, сондай-ақ ПД-нің, КПД-нің, ҚАЖД-нің, ТЖД-нің жедел кеңестерінде заңдылықтың және есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйі мәселелерін қарау туралы ұсыныстар енгізеді;

11) есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйіне бақылауды жүзеге асыру бойынша оң тәжірибені жалпылау және тарату бойынша жұмысты ұйымдастырады;

12) тоқсан сайын Комиссияның жұмыс жоспарын әзірлейді.

4. Комиссияның өкілеттігі

13. Комиссия өз құзыреті шегінде:

1) отырысты тоқсанына бір реттен кем емес өткізеді;

2) отырыстарда міндетті түрде:

сеніп тапсырылған бөліністердегі есепке алу-тіркеу тәртібінің мәселелері бойынша ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, ҚАЖ мекемелерінің, ТЖ бөліністерінің қызмет басшыларын;

олардың өз функционалдық міндеттерін орындау және қызмет нәтижелері бойынша Комиссия мүшелерін;

қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпараттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібін бұзуға жол берген ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, ҚАЖ мекемелерінің, ТЖ бөліністерінің жекелеген қызметкерлерін тыңдайды;

3) белгіленген тәртіпте өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпараттарды сұратады;

4) сеніп тапсырылған аумақтық бөліністердің есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссияның қызметін үйлестіреді және бақылайды;

5) есепке алу-тіркеу тәртібін бұзуға жол берген адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселені көтереді;

6) есепке алу-тіркеу тәртібін бұзудың анықталған фактілері бойынша қызметтік тергеулер жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді.

5. Комиссия төрағасының құқықтары мен міндеттері

14. Комиссия төрағасы өзіне жүктелген құқықтар мен міндеттерге сәйкес:

1) Комиссия жұмысын ұйымдастырады, жүктелген міндеттерді орындауға дербес жауапкершілікте болады;

2) Комиссияның жұмыс жоспарларын бекітеді және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Комиссия отырысының күн тәртібін анықтайды;

4) Комиссия мүшелерінің функционалдық міндеттерін анықтайды, олардың өз міндеттерін орындауларына бақылауды жүзеге асырады. Комиссия отырыстарында Комиссия мүшелерінің өз функционалдық міндеттерін орындау туралы есептерін, есепке алу-тіркеу тәртібі бойынша қызметтер басшыларының есептерін тыңдайды және тыңдау нәтижелері бойынша шешім қабылдайды;

5) есепке алу-тіркеу тәртібін бұзу фактілері бойынша қызметтік тергеулер жүргізуді ұйымдастырады.

6. Комиссия мүшелерінің міндеттері

15. Комиссия мүшелері:

1) ай сайын есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйін, заң бұзушылықтарға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдайды және оларды жою бойынша шараларды анықтайды;

2) ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД жетекшілік ететін қызметтерінде, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарында, ҚАЖ мекемелерінде, ТЖ бөліністерінде есепке алу-тіркеу тәртібіне қатысты құжаттар мен материалдарды зерделейді;

3) Комиссия отырыстарын дайындау және тексерістер ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды сұратады және алады;

4) Комиссия шешімдеріне сәйкес есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйіне тексерістерді ұйымдастырады және жүзеге асырады, анықтамаларды, ақпараттарды және басқа да қажетті материалдарды ұсынады;

5) қаралатын мәселелерді талқылауға және Комиссия шешімдерін дайындауға қатысады. Комиссияның жұмыс жоспарларына ұсыныстар енгізеді.

6) есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту мәселелері бойынша, сондай-ақ сеніп тапсырылған бөліністерде ЕАТТ-ні сақталуын қамтамасыз етпеген ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, ҚАЖ мекемелерінің, ТЖ бөліністерінің қызмет басшыларының жауапкершілігі туралы Комиссия төрағасына ұсыныстар енгізеді.

16. Комиссия хатшысы:

1) Комиссияның жеке іс қағаздарын жүргізеді, материалдарды әзірлеуді және тираждауды қамтамасыз етеді, отырыстар хаттамаларын жүргізеді;

2) қабылданған шешімдердің уақытылы және сапалы орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

3) Комиссияның қорытынды құжаттарының жобаларын дайындауды және келісуді жүзеге асырады.

17. Астана, Алматы қалаларының, облыстардың, ПД Жедел басқару орталығының, ПД, КПД Жедел жоспарлау басқармасының бастығы АЕК-дегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың толық тіркелуін бақылауды, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлінісінің (бұдан әрі – ҚКЕБ) бастығы ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің базасында (кіріс хат-хабарлар, жеке және заңды тұлғалардың арыздары), сондай-ақ ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД басшылығының азаматтарды қабылдау журналында тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды

бөлініс қызметтеріне уақтылы беруге бақылауды жүзеге асырады. Арыздарда қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда орындаушы ҚҚЕБ-де тіркелген күнінен бастап бір тәулік ішінде арыздарды ПД, КПД, ҚАЖД, ТЖД кезекші бөлімінің АЕК-ге қайта тіркеуді жүргізеді.

7. Комиссия мүшелерінің жауапкершілігі

18. Жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін комиссия мүшелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жауапкершілікте болады.

**Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының,
Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің
есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі
комиссиясы туралы үлгі ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Үлгі ереже қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі (бұдан әрі – ЕАТТ) комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) мәртебесін және өкілеттігін, міндеттері мен функцияларын анықтайды, сондай-ақ қызметін регламенттейді.

2. Үлгі ережеде есепке алу-тіркеу тәртібі түсінігі пайдаланылады, ол ішкі істер органдарының қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпараттарды қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін регламенттейтін белгіленген нормалар мен қағидаларды сақтауы үшін міндетті болып табылады.

3. Комиссия қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы, Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігіндегі (бұдан әрі – ҚАПО), қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі (бұдан әрі – ҚАЖ), төтенше жағдайлар жөніндегі (бұдан әрі – ТЖ бөліністері) қалалық, аудандық басқармаларындағы (бөлімдеріндегі) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібін сақтауды толық және жан-жақты бақылау мақсатында құрылады.

4. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстері, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрықтары, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

5. Комиссия алқалық орган болып табылады, өз жұмысын ашықтық, жариялылық және алқалық негізде құрайды және:

1) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарына, ҚАЖ мекемелеріне, ТЖ бөліністеріне келіп түскен қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу кезінде заңдылықтың сақталуына;

2) тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және олар бойынша қабылданған шешімдер туралы шынайы, жеткілікті және толық ақпараттардың Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы

есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық басқармаларына уақтылы ұсынылуын бақылауды жүзеге асырады.

6. Комиссия төрағасы қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының бірінші басшылары болып табылады. Комиссия құрамын комиссия төрағасы бекітеді. Комиссия құрамына ҚАЖ мекемелерінің, ТЖ бөліністерінің, қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары қызметтерінің басшылары және қажеттілік туындаған кезде комиссия төрағасының шешімі бойынша комиссия құрамына енгізілетін басқа да лауазымды адамдар енгізіледі.

Комиссия хатшысы қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары Штабының Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау бөлінісінің (бөлім, бөлімше, топ құқығында) қызметкері болып табылады. ҚАЖ мекемелерінде, ТЖ бөліністерінде есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйін бақылау функциясы органның қызметкерлерінің біреуіне жүктеледі.

7. Комиссияның жұмысшы органы қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары Штабының есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау бөлінісі (бөлім, бөлімше, топ құқығында) болып табылады. Комиссияның іс қағаздары дербес жүргізіледі, материалдарды сақтауды қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы Штабының есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау бөлінісі (бөлім, бөлімше, топ құқығында) жүзеге асырады.

Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау қызметкерлері көзделмеген қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарында Комиссия хатшысының функциясы қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары қызметкерлерінің біреуіне жүктеледі.

8. Комиссияның жұмысы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары қызметтерінің өзара іс-қимыл жасасуы кезіндегі тоқсандық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады. Комиссияның жұмыс жоспарына есепке алу-тіркеу тәртібін бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жоюға бағытталған іс-шаралар, сондай-ақ оларға ықпал ететін себептер мен жағдайлар қосылуы тиіс.

9. Комиссияның құзыреті шегінде қабылданған шешімдер қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органының, ҚАЖ мекемесінің, ТЖ бөлінісінің барлық лауазымды адамдары үшін міндетті.

10. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және Комиссия төрағасының қолы қойылады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

11. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) есепке алу-тіркеу тәртібін және қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдаудың, тіркеудің белгіленген тәртібін сақтауға толық және жан-жақты бақылау ұйымдастыру;

2) мыналарды:

- қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты;

- құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған адамдарды, қылмыстық істердің қозғалыстарын есепке алудың толықтығы мен шынайылығына бақылауды жүзеге асыру;

3) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарындағы, ҚАЖ мекемелеріндегі, ТЖ бөліністеріндегі есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру, сондай-ақ оны бұзуға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою;

4) әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері бар арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 180-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға уақтылы жолдау бойынша бақылауды жүзеге асыру;

5) номенклатуралық істерді (наряд) есепке алу, сақтау және беру тәртібін бақылауды жүзеге асыру;

6) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы, ҚАЖ мекемесі, ТЖ бөлінісі қызметтерінің есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту мәселелері бойынша ІІМ-нің, ІІД-нің, КІІД-нің, ҚАЖД-нің, ТЖД-нің жедел кеңестері шешімдерін, бұйрықтары мен нұсқауларын орындауы барысына бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

3. Комиссияның функциялары

12. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту бойынша ұйымдастырушылық шаралар қабылдайды, Комиссияның жұмысына ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

2) Комиссия отырыстарында азаматтардың қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарымен жұмыс істеуде заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы, ҚАЖ мекемесі, ТЖ бөлінісі қызметтерінің басшыларын тыңдайды;

3) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы, ҚАЖ мекемесі, ТЖ бөлінісі қызметтерінде есепке алу-тіркеу тәртібін тексеруді ұйымдастырады, тексерістер нәтижелерін Комиссия отырыстарында қарайды;

4) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы, ҚАЖ мекемесі, ТЖ бөлінісі Ақпараттарды есепке алу кітабындағы (бұдан әрі – АЕК) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпараттардың толық есепке алынуына апта сайын салыстыра тексеру жүргізеді;

5) дене жарақаттарын алған азаматтардың арыздары бойынша емдеу мекемелерімен, сондай-ақ кәсіпорындармен және ұйымдармен, сот сараптамасы мекемелерімен, көші-қон қызметі және жол полициясы бөліністерімен олардың қылмыстық құқық бұзушылықтар нәтижесінде болуына ай сайын салыстыра тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

6) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органына, ҚАЖ мекемесіне, ТЖ бөлінісіне келіп түскен қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қарау тәртібін және мерзімдерін

сақтауға, сондай-ақ қылмыстық-процестік заңнамаға сәйкес оларды шешу мерзімдеріне бақылауды жүзеге асырады;

7) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органының, ҚАЖ мекемесінің, ТЖ бөлінісінің қызметкерлері жол берген есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйін бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының ұсынымын қарайды. Қарау нәтижелері бойынша есепке алу-тіркеу тәртібін бұзуға жол берген, оның ішінде анықталған кемшіліктер мен құқық бұзушылықтарды жою бойынша шараларды орындамаған немесе қабылдамаған жағдайларда лауазымды адамдарды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы Комиссия төрағасына ұсыныстар енгізеді;

8) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органында, ҚАЖ мекемесінде, ТЖ бөлінісінде есепке алу-тіркеу тәртібін жақсарту және нығайту жөніндегі іс-шараларды жоспарлайды;

9) Комиссия төрағасына Комиссия отырыстарында, сондай-ақ қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органының, ҚАЖ мекемесінің, ТЖ бөлінісінің жедел кеңестерінде заңдылықтың және есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйі мәселелерін қарау туралы ұсыныстар енгізеді;

10) есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйіне бақылауды жүзеге асыру бойынша оң тәжірибені жалпылау және тарату бойынша жұмысты ұйымдастырады;

11) тоқсан сайын Комиссияның жұмыс жоспарын әзірлейді.

4. Комиссияның өкілеттігі

13. Комиссия өз құзыреті шегінде:

1) отырысты айына бір реттен кем емес өткізеді;

2) отырыстарда міндетті түрде:

сеніп тапсырылған бөліністердегі есепке алу-тіркеу тәртібінің мәселелері бойынша қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органының, ҚАЖ мекемесінің, ТЖ бөлінісінің қызмет басшыларын;

олардың өз функционалдық міндеттерін орындау және қызмет нәтижелері бойынша Комиссия мүшелерін;

қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды, хабарламаларды және өзге де ақпаратты қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібін бұзуға жол берген қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органының, ҚАЖ мекемесінің, ТЖ бөлінісінің жекелеген қызметкерлерін тыңдайды;

3) белгіленген тәртіпте өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұратады;

4) сеніп тапсырылған бөліністің есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі комиссия қызметін үйлестіреді және бақылайды;

5) есепке алу-тіркеу тәртібін бұзуға жол берген адамдарды жауапкершілікке тарту туралы мәселені көтереді;

6) есепке алу-тіркеу тәртібін бұзудың анықталған фактілері бойынша қызметтік тергеулер жүргізу туралы ұсыныстар енгізеді.

5. Комиссия төрағасының құқықтары мен міндеттері

14. Комиссия төрағасы өзіне жүктеліген құқықтар мен міндеттерге сәйкес:

- 1) Комиссия жұмысын ұйымдастырады, жүктелген міндеттерді орындауға дербес жауапкершілікте болады;
- 2) Комиссияның жұмыс жоспарын бекітеді және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Комиссия отырысының күн тәртібін анықтайды;
- 4) Комиссия мүшелерінің функционалдық міндеттерін анықтайды, олардың өз міндеттерін орындауларына бақылауды жүзеге асырады. Комиссия отырыстарында Комиссия мүшелерінің өз функционалдық міндеттерін орындауы туралы есептерін, есепке алу-тіркеу тәртібі бойынша қызметтердің және бөліністердің басшыларының есептерін тыңдайды және тыңдау нәтижелері бойынша шешім қабылдайды;
- 5) есепке алу-тіркеу тәртібін бұзу фактілері бойынша қызметтік тергеулер жүргізуді ұйымдастырады.

6. Комиссия мүшелерінің міндеттері

15. Комиссия мүшелері:

- 1) тоқсан сайын есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйін, заң бұзушылыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдайды және оларды жою бойынша шараларды анықтайды;
- 2) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы қызметтерінде, ҚАЖ мекемелерінде, ТЖ бөліністерінде есепке алу-тіркеу тәртібіне қатысты құжаттар мен материалдарды зерделейді;
- 3) Комиссия отырыстарын дайындау және тексерістер ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды сұратады және алады;
- 4) Комиссия шешімдеріне сәйкес есепке алу-тіркеу тәртібінің жай-күйіне тексерістерді ұйымдастырады және жүзеге асырады, анықтамаларды, ақпараттарды және басқа да қажетті материалдарды ұсынады;
- 5) қаралатын мәселелерді талқылауға және Комиссия шешімдерін дайындауға қатысады. Комиссияның жұмыс жоспарларына ұсыныстар енгізеді.
- 6) Комиссия төрағасына есепке алу-тіркеу тәртібін нығайту мәселелері, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудың толықтығына бақылауды қамтамасыз етпеген қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы, ҚАЖ мекемесі, ТЖ бөлінісі қызметтерінің басшыларының жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізеді.

16. Комиссия хатшысы:

- 1) Комиссияның жеке іс қағаздарын жүргізеді, материалдарды әзірлеуді және тираждауды қамтамасыз етеді, отырыстар хаттамаларын жүргізеді;
- 2) қабылданған шешімдердің уақытылы және сапалы орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Комиссияның қорытынды құжаттарының жобаларын дайындауды және келісуді жүзеге асырады.

17. Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы Жедел басқару орталығының (кезекші бөлім) бастығы, ҚАЖ мекемесінің, ТЖ бөлінісінің бастығы АЕК-дегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың толық тіркелуін бақылауды, құжаттамалық қамтамасыз ету бөлінісінің (бұдан әрі – ҚҚЕБ) бастығы (қызметкері) Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінің базасында (кіріс хат-хабарлар, жеке және заңды тұлғалардың арыздары), сондай-ақ қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органының, ҚАЖ мекемесінің, ТЖ бөлінісі басшылығының азаматтарды қабылдау журналында тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздарды уақтылы беруге бақылауды жүзеге асырады. Арыздарда қылмыстық құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда орындаушы ҚҚЕБ-де тіркелген күнінен бастап бір тәулік ішінде арызды кезекші бөлімнің АЕК-ге қайта тіркеуді жүргізеді.

7. Комиссия мүшелерінің жауапкершілігі

18. Жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін комиссия мүшелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген жауапкершілікте болады.
